«Zeine Kids» балабақшасының
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбында ұйымдастырылған
жиналыстың хаттамасы №2

Өткізілген күні: 13.02.2026 жыл
Өткізілген түрі: Дөңгелек үстел
Қатысқандар: 7 адам
Қатыспағаны: 0 адам

Күн тәртібі

1.«Адалдық – жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негізі» тақырыбындағы дөңгелек үстел.
2.Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша атқарылған жұмыстардың аралық қорытындысы.
3.Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды: төрайым Абайханова Д.А. адалдық, парасаттылық және әділдік қағидаларын сақтау мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі екенін атап өтті. Педагогтердің қызметтік міндеттерін адал атқаруы, қызметтік өкілеттіктерін жеке мақсатта пайдаланбауы және заң талаптарын бұлжытпай орындауы қажеттігін айтты.
Тыңдалды: хатшы Изембаева Р.Т. оқу жылының бірінші жартыжылдығында атқарылған жұмыстарға талдау жасап, ұжым арасында құқықтық түсіндіру жұмыстарының, ақпараттық бұрыштардың және профилактикалық іс-шаралардың жүйелі ұйымдастырылғанын баяндады.
Жарыссөз: Казбекова К.К. – тәрбиеші.
Педагогтердің құқықтық сауаттылығын арттыру және ата-аналармен ашық қарым-қатынасты нығайту сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың тиімді жолы екенін айтты.

Шешімі:
1.Жүргізілген жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын.
2.Педагогтер арасында түсіндіру және алдын алу жұмыстары жалғастырылсын.
3.Адалдық пен әділдік құндылықтарын насихаттайтын іс-шаралар тұрақты өткізілсін.

Төрайымы: Абайханова Д.А.

Хатшы: Изембаева Р.Т.

«Zeine Kids» балабақшасының
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбында ұйымдастырылған
жиналыстың хаттамасы №3

Өткізілген күні: 15.05.2026 жыл
Өткізілген түрі: Жиналыс
Қатысқандар: 7 адам

Күн тәртібі

1.2025–2026 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарының орындалу қорытындысы.
2.«Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сапалы білім беру кепілі» тақырыбындағы баяндама.
3.Келесі оқу жылына арналған ұсыныстар.

Тыңдалды: төрайым Абайханова Д.А. оқу жылы ішінде жоспарланған барлық іс-шаралардың толық орындалғанын айтып, ұжымда адалдық, ашықтық және заңдылық қағидаларын қалыптастыру бағытында нәтижелі жұмыстар жүргізілгеніне тоқталды. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізілген профилактикалық жұмыстардың педагогтердің құқықтық мәдениетін арттыруға оң ықпал еткенін атап өтті.
Тыңдалды: хатшы Изембаева Р.Т. «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сапалы білім беру кепілі» тақырыбында баяндама жасап, білім беру ұйымында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау, қызметтік әдепті сақтау және қоғам алдындағы жауапкершілікті арттыру мәселелеріне тоқталды.

Жарыссөз: Сабирова А.Ш. – тәрбиеші.
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытындағы жұмыстардың тиімді жүргізілгенін айтып, бұл бағыттағы жұмыстарды келесі оқу жылында да жалғастыруды ұсынды.

Шешімі:

1.2025–2026 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспары толық орындалды деп есептелсін.
2.Атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық деп бағалансын.

Төрайымы: Абайханова Д.А.

Хатшы: Изембаева Р.Т.